

Наурыз — көктемнің, жаңа өмірдің, жаңарудың символы. Наурыздың тарихи тамыры мен дәстүрі — осы күнге дейін қазақ халқының мәдениеті мен өмірінің ажырамас бөлігі.

ТАРИХЫМЫЗДЫ ЖАҢҒЫРТАТЫН КҮН

Наурыз мерекесі — тек көктемнің келуі мен табиғаттың жаңаруы ғана емес, бұл мейрам М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің әскери кафедрасында ұлттық бірлік, патриоттық тәрбие және жастардың өз елінің мәдениеті мен тарихына құрметін қалыптастырудың үлкен мүмкіндігі.

Наурыз мерекесінің қарсаңында әскери кафедра басшылығы студенттермен оқытушыларды біріктіріп, мерекені ұйымдастыру бойынша жоспар құрады. Кафедра офицерлері іс-шаралардың жоғары деңгейде өтетінін қадағалай отырып, студенттердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету үшін әртүрлі ұсыныстар мен идеяларды тыңдайды, олардың шығармашылық қабілеттерін пайдалануына мүмкіндік береді.

Әскери кафедрада бұл мерекені топтық іс-шаралар арқылы студенттер арасында командалық рухты қалыптастыру үшін пайдаланады. Ұлттық спорт ойындары, арқан тарту, жарыстар мен эстафеталар сияқты ша-

ралар ұйымдастыру арқылы студенттер бір-біріне сенімділік пен достық сезімдерін арттырады.

Кафедра бастығы, полковник Кенжебаев Жақып кафедра басшылығымен өз кезегінде, әрбір студенттің жеке қабілетін ескеріп, барлығының қатысуына мүмкіндік жасауға тырысады. Бұл іс-шаралар студенттердің физикалық дайындықтарын тексеріп, оларды жеңістерге жетелейтін командалық жұмысты дамытуға бағытталған.

Профессорлық оқытушылар құрамы мен студенттер үшін бұл мереке — бірліктің, жаңа бастамалардың, татулықтың және патриотизмнің жарқын белгісі.

Наурыз мерекесі тарихымызды жаңғыртып, дәстүрімізді сақтауға және болашаққа деген сенімді нығайтуға мүмкіндік береді.

Марат ШЕРТАЕВ,
«М.Әуезов
атындағы ОҚУ» КЕАҚ
әскери
кафедрасының
аға оқытушысы,
әскери ғылым
магистрі,
запастағы полковник